ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

«Автоматтандыру және басқару» кафедрасы

5В070200 - Автоматтандыру және басқару

Алпысбайқызы Жанерке

«MatLab қолданып үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтын қозғалуын визуалды модельдеу және математикалық жазу»

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

«Автоматтандыру және басқару» кафедрасы

5В070200 - Автоматтандыру және басқару

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ
Кафедра меңгерушісі
Физ-мат. ғыл.канд.
Қауымдастырылған профессор
_____Н.У. Алдияров
«10» 05 2022 ж.

«MatLab қолданып үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтын қозғалуын визуалды модельдеу және математикалық жазу» тақырыбына

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5В070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы

Орындаған: Алпысбайқызы Ж.

Пікір беруші
Ғ.Даукеев атындағы АЭжБ университеті,
АжБ кафедрасының доценті,
PhD доктор
_____Бәзіл Г.Д.
«06» 05 2022 ж.

Ғылыми жетекші
техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
қауымдастырылған профессор
_____Бейсембаев А.А.
«05» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

«Автоматтандыру және басқару» кафедрасы

5В070200 - Автоматтандыру және басқару

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
Физ-мат.ғыл.канд.
Қауымдастырылған профессор
_____Н.У.Алдияров
«_4_» ___05___2022 ж.

Дипломдық жобаны дайындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Алпысбайқызы Жанерке
Жобаның тақырыбы: «MatLab қолданып үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтын қозғалуын визуалды модельдеу және математикалық жазу.»
Университет ректорының бұйрығымен бекітілген № «489-П/Ө»
"24" желтоқсан 2021ж.
Орындалған жұмыстың өткізу мерзім «11 » мамыр 2022 ж.
Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: дипломалды практикасындағы жиналған мәліметтер.
- Роботтар мен манипуляторлар теориясының негіздері;
- Үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы робот;
- Деневит – Хартенбергтің көрінісі.
Ұсынылған негізгі әдебиеттер тізімі:
[1] К.Фу,Р.Гонсалес,К.Ли Робототехника: Пер.с англ.-М.:Мир-1989.-624б.
[2] Қ.Ж.Тлеубердин Қолданбалы механика: Оқу құралы. 2-басылым.Семей,2012-192 б.
[3] А.Г.Лесков, И.В.Бажинова, Е.В.Селиверстова Кинематика и динамика исполнительных механизмов манипуляционных роботов: учеб.пособие, 2017

Дипломдық жобаны даярлау

КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	20.01.22 – 17.02.22.	
Негізгі бөлім	17.02.22. – 30.03.22	

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға
қатысты диплом жобасы бөлімдерінің кеңесшілері мен нормалық
бақылаушының қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Технологиялық бөлім	Бейсембаев А.А. т.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор	27.04.2022	
Негізгі бөлім	Бейсембаев А.А. т.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор	5.05.2022	
Нормалық бақылаушы	Н.С.Сарсенбаев техн.ғыл.конд., Ассистент-профессор	6.05.2022	

Ғылыми жетекшісі _____ Бейсембаев А.А.

Тапсырманы орындауға қабылдаған білім алушы _____ Алпысбайқызы Ж.

Күні «24» желтоқсан 2021 ж.

АҢДАТПА

Аталған жұмыстың басты мақсаты болып, үш айналу қимыл дәрежесі бар манипулятордың қозғалуын MatLab, SimMultibody кітапханасын қолданып визуалды модельдеу және есептеу. Осы есепті шығару үшін айтылған роботтын математикалық жазылуы қарастырылды. Нәтижесінде ол роботтын қозғалыс дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл дипломдық жұмыста манипуляторлы роботтын кинематикасы мен динамикасының ерекшеліктері зерттелді және математикалық моделі құрылды.

Дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша Деневит – Хартенберг әдісі бойынша матрица есептелініп, манипулятордың визуалды моделі MatLab, SimMultibody ортасында құрылды және модельделінді.

АННОТАЦИЯ

Основной целью данной работы является визуальное моделирование и расчет движения манипулятора с тремя степенями поворота с использованием библиотеки MatLab, SimMultibody. Для решения этой задачи была рассмотрена математическая запись робота. В результате это позволяет повысить точность движений робота. В данной дипломной работе были изучены особенности кинематики и динамики робота-манипулятора и разработана математическая модель.

Матрица по теме дипломной работы рассчитана по методу Деневита - Хартенберга, создана и смоделирована визуальная модель манипулятора в среде MatLab, SimMultibody.

ANNOTATION

The main goal of this work is visual modeling and calculation of the movement of a manipulator with three degrees of rotation using the MatLab library, SimMultibody. To solve this problem, the mathematical notation of the robot was considered. As a result, this improves the accuracy of the robot's movements. In this thesis, the features of the kinematics and dynamics of the robotic arm were studied and a mathematical model was developed.

The matrix on the topic of the thesis was calculated using the Denevite-Hartenberg method, a visual model of the manipulator was created and modeled in the MatLab, SimMultibody environment.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Роботтар мен манипуляторлар теориясының негіздері	11
	1.1 Роботтық манипуляторлар және олардың адам өмірінде қолданылуы мен пайдасы	12
	1.2 Робот манипуляторлардың түрлері	13
	1.3 Өнеркәсіптік роботтардың кинематикалық сипаттамасы	14
	1.4 Матрицаларды еркін осьтің айналасында айналдыру арқылы түрлендіру	18
	1.5 Эйлер бұрыштарының үш жүйесі	20
	1.6 Біртекті координаттар және түрлендіру матрицалары	24
2	Үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы робот	28
	2.1 Үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтың математикалық есебі	28
	2.2 Симмеханика және модельдеу	30
	2.3 Simulink-те SimMultibody SimMechanics блоктары	31
	2.4 Манипулятордың кері кинематикасы	37
3	Деневит – Хартенбергтің көрінісі	40
	3.1 Элементарлы буындардың түрлері	40
	3.2 Консистенциялы координаталар жүйесінің тізбегін құру процедурасының сипаттамасы	43
	3.3 Деневит Хартенберг түрлендіру матрицасы	44
	3.4 Координаталық түрлендіру матрицалары	46
	3.5 Эйлер бұрыштары арқылы бағдарлауды сипаттау	47
Қорытынды		51
Пайдаланған әдебиеттер тізімі		52

КІРІСПЕ

Жобаның мақсаты. Манипуляторлы роботтын кинематика есептерін шығару. Үш айналу қимыл дәрежесі бар манипулятордың қозғалуын MatLab, SimMultibody кітапханасын қолданып визуалды модельдеу. Осы есепті шығару үшін айтылған роботтын математикалық жазылуы қарастырылды. Нәтижесінде роботтын қозғалыс дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі. Роботтық манипулятор адам қолының жұмысын атқаруға арналған техникалық құрылғы. Манипулятордың механизмі бірнеше қозғалыс дәрежесінен, тұйықталмаған кинематикалық тізбектен, иінді механизімнен құралады. Манипулятор қолмен және автоматты басқарылатын болып екі түрге бөлінеді. Қолмен басқарылатын манипуляторлардың буындары қосымша механизмдер арқылы адамның көмегін қажет етеді. Автоматты түрде басқарылатын манипуляторлар буындарына алдын ала жасалынған қозғалыс программалары бойынша жұмыс атқаратын жетектерден беріледі. Автоматты түрде басқарылатын манипуляторды робот деп атайды.

Жоба тапсырмасы мен міндеті. Бұл зерттеудің бірінші және негізгі міндеті – үш айналу қимыл дәрежесі бар манипулятордың қозғалуын MatLab, SimMultibody кітапханасын қолданып визуалды модельдеу.

Жоба жоспары. Бірінші бөлімде, манипуляторлы роботтардың өнеркәсіпте пайдаланылуы және кинематиканың оған тікелей байланысы айтылды. Манипулятордың түйіспелері абсолютті анықтамалық жүйеге қатысты айналуы және қозғалуы мүмкін болғандықтан, әрбір буын үшін осьтері қосылыстар осіне параллель болатын координаталар жүйесі көрсетіледі. Кинематиканың тікелей міндеті абсолютті және байланысқан координаталар жүйелері арасындағы байланысты орнататын түрлендіру матрицасын анықтау. Манипуляциялық роботтың берілген кинематикалық құрылымына сәйкес мыналар қажет:

1) Біртекті координаталар көмегімен манипулятордың кинематикасының сипаттамасын қарастыру;

2) Элементар айналымдардың біртекті матрицаларын пайдаланып манипулятордың кинематикасын сипаттау әдістерін қарастыру.

Робот манипулятордың адам өмірін жеңілдетуі және пайдасы туралы айтылды. Көптеген кәсіпорындардағы операциялық шығындарды азайту қажеттілігі әлемдік робототехника нарығында сұранысқа ие болып табылады. Өндіріс процесінде кететін қателіктер, шикізаттың жоғалуы және жазатайым жайттардың санын азайту, кәсіпорынның технологиялық икемділігін және өнімділігін арттыру, еңбек жағдайлары мен қызметкерлердің қауіпсіздігін жақсарту арқылы шығындарды үнемдеуге болады. Тіпті қауіпті жағдайларда да күрделі тапсырмаларды жоғары дәлдікпен орындау қабілетіне байланысты көптеген салаларда қолданылатын роботтар бұл істе барлығына көмектеседі.

Екінші бөлімде, үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтың қозғалуын визуалды модельдеу және математикалық жазу қарастырылды. Ең алдымен манипуляторға кинематикалық параметрлер берілді және сол

параметрлерді пайдалана отырып матрицалар алынды. Алынған матрицаларды бір-біріне көбейтіп, кинематикасы табылды. Шыққан мәндерді пайдалана отырып, MatLab қолданып үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтың қозғалуы визуальды модельделінді және математикалық мәні табылды.

Үшінші бөлімде, Деневит пен Хартенберг көрінісі сипатталды. Көршілес буындар арасындағы айналмалы және трансляциялық байланыстарды сипаттау үшін Денавит пен Хартенберг кинематикалық тізбектің әрбір буынымен байланысты координаталық жүйелерді тұрғызу үшін матрицалық әдісі ұсынылады.

Роботтық манипуляторларды қолдануға болатын барлық салаларды тізімдеп шығу мүмкін емес. Бірақ қазіргі уақытта бір нәрсені сенімді түрде айтуға болады: біздің өмірімізде робот манипуляторларды пайдалану мүмкін болмайтын салалар жоқ.

1 Роботтар мен манипуляторлар теориясының негіздері

Манипулятор деп – адам қолының жұмысын атқаруға арналған техникалық құрылғыны айтады. Манипулятордың механизмі бірнеше қозғалыс дәрежесінен, тұйықталмаған кинематикалық тізбектен, иінді механизімнен құралады.

Манипулятор қолмен және автоматты басқарылатын болып екі түрге бөлінеді. Қолмен басқарылатын манипуляторлардың буындары қосымша механизмдер арқылы адамның көмегін қажет етеді.

Автоматты түрде басқарылатын манипуляторлар буындарына алдын ала жасалынған қозғалыс программалары бойынша жұмыс атқаратын жетектерден беріледі. Автоматты түрде басқарылатын манипуляторды робот деп атайды.

Өнеркәсіптік робот-манипулятор мен оның қозғалысын басқару қондырғысынан тұратын негізгі және көмекші қызметтерді орындауда, адамды алмастыруға арналған автоматты машина. Мұндағы басты мәселе – адам денсаулығы үшін қауіпті және қол еңбегін, жоғары маманданудy талап етпейтін, адамдарды қалыпты жұмыстан босату мәселесін шешу. Өнеркәсіптік роботтар кең ауқымды автоматтандырылған өндіріс болып табылады. Адам басқаратын көшіруші манипуляторлар радиоактивті материалдармен әртүрлі жұмыстарды орындау кезінде қажет және бұл қондырғылар ғарышта, су астында, химиялық активті орталарда жұмыс істегенде қолданылады. Сондықтан өнеркәстіптік роботтар мен көшіруші манипуляторлар қазіргі өнеркәсіптік өндірістің маңызды құрама бөліктері болып табылады.

Өнеркәсіптік роботтың манипуляторы өзінің функционалды міндеті бойынша жетекші буынның және оған бекітілген объектінің берілген траектория мен бағдар бойынша кеңістіктегі қосылысын қамтамасыз етеді. Бұның толық орындалуы үшін манипулятордың негізгі иінді механизмі алтыдан кем емес қозғалыс жасауға тиіс және олардың әр біреуі бойынша қозғалыс басқарылатын болуы керек. Сондыктан өнеркәсіптік роботтардың нақты құрылысында алтыдан кем емес қозгалысы бар механизм қолданылады. Қарапайым манипулятордың үш, сирек жағдайда екі қозгалысы болады. Мұндай манипуляторларды дайындау және пайдалану айтарлықтай арзан, бірақ жұмыс атқаратын ортаға қосымша талаптар койылады [1].

Өнеркәсіптік жағдайда манипулятор әртүрлі қозғалыс жасайды.

Жалпы жағдайда олардың қозғалысын үш топқа бөледі:

1) ғаламдық- манипуляторың өз өлшемінен көп қашықтықта жұмыс жасауы. Мысалы тасымалдау манипуляторы цех бойымен қозғала отырып бірнеше станоктарға қызмет көрсетуі;

2) аймақтық-манипулятордың жұмыс атқару аймағы бойынша қозғалуы, ол манипулятордың “қолының” өлшемі бойынша анықталады;

3) бағдарлаушы-өлшемдері механизм өлшемдерінен біршама аз, манипулятор “қол буыны” жасайтын қозғалыс.

Манипулятор механизмдерін құрылымдық синтездеу кезінде келесідей жағдайларды ескеру қажет:

а) манипулятордың кинематикалық жұптары қозғалтқыш және тежегіш қондырғыларын қосатын қозғалыс берушілермен жабдықталады,сондықтан манипулятор сызбасында бірдей қозғалатын кинематикалық жұптар қолданылады

б) манипулятор ұстағыштың берілген қозғалысын ғана емес, сонымен қатар қозғалысын бағдарлаудың қарапайымдылығы мен қолайлылығын және остерінің бағдарын да қамтамасыз етуі қажет

в) кинематикалық жұптардың бағдарын таңдау кезінде келтіргіштердің орналасуын, буындардың салмағының тепе - теңдігін ескеру қажет.

1.1 Роботтық манипуляторлар және олардың адам өмірінде қолданылуы мен пайдасы

Роботтық манипулятор – адам қолының функцияларына ұқсас өнеркәсіптік роботтардың бір түрі. Манипулятор тәуелсіз немесе күрделі роботтық кешеннің бөлігі болуы мүмкін. Манипулятордың сегменттерінде айналмалы (мысалы, буынды роботта) немесе трансляциялық (сызықтық) қозғалысқа қозғалуға мүмкіндік беретін байланыстар бар. Төменде роботтық манипуляторлар және оларды қолдану мысалдары қамтылған.

Көптеген кәсіпорындардағы операциялық шығындарды азайту қажеттілігі әлемдік робототехника нарығында сұранысқа ие болып табылады. Өндіріс процесінде кететін қателіктер, шикізаттың жоғалуы және жазатайым жайттардың санын азайту, кәсіпорынның технологиялық икемділігін және өнімділігін арттыру, еңбек жағдайлары мен қызметкерлердің қауіпсіздігін жақсарту арқылы шығындарды үнемдеуге болады. Тіпті қауіпті жағдайларда да күрделі тапсырмаларды жоғары дәлдікпен орындау қабілетіне байланысты көптеген салаларда қолданылатын роботтар бұл істе барлығына көмектеседі.

Роботтық манипуляторды өнеркәсіпте қолдануды былай жіктесек болады:

1) Медицина және фармацевтика

KUKA LBR Med – бұл медицинаға арналған роботты инновация. Ол LBR iiwa сезімтал жарық роботына негізделіп жасалған. Қауіпсіз сенсорлық мүмкіндіктеріне қарай, жылдам үйрену және операторды оңай басқару арқылы оны операциялық бөлмеде көмекші ретінде қолдануға болады.

LBR Med өте сезімтал. Буындағы айналмалы датчиктердің арқасында робот адам денесіне ақырын тиеді, және дәрігер оны ұстаған кезде автоматты түрде шетке жылжиды. Екінші жағынан, ол әрқашан күрделі манипуляцияларға көмектесуге дайын. Арнайы биоүйлесімді жабынның арқасында робот жұмыс бетінің абсолютті таза болуын қамтамасыз етеді.

2) Азық -түлік және ауыл шаруашылығы

Автономды көкеніс жинауға арналған Vegebot жүйесі басқару бағдарламалық құралы бар ноутбук компьютерін, алты еркіндік дәрежесі (DOF)

бар стандартты UR10 роботтық қолын, екі камераны және мобильді платформаға орналастырылған көкөністерге арналған арнайы «қолды » қамтиды.

3) Химия өнеркәсібі

Kawasaki Heavy Industries компаниясы тот баспайтын болаттан жасалған әлемдегі жеті еркіндік дәрежесі бар бірінші роботты жасады. Ол дәрі-дәрмек табу саласында және химиялық өнеркәсіпте қауіпті заттарды пайдаланатын тәжірибелерді автоматтандыру үшін қолданылады. Тот баспайтын болаттан жасалған корпустың арқасында оны сутегі асқын тотығымен зарарсыздандыруға болады.

4) Білім саласы

LEGO Mindstorms - робототехниканы үйрену құралдарының жақсы жобаланған түрі. Кең нұсқалар мен құрастырудың қарапайымдылығы таңғаларлықтай қысқа мерзімде толық робототехника сабағын (кіріспе, құрастыру, бағдарламалау және тестілеу) өткізуге мүмкіндік береді [2].

1.2 Робот манипуляторлардың түрлері

Робот манипулятордың барлық түрлерін тізіп шығу мүмкін емес, бірнеше түрлерін қарастырып өтсек:

Стационарлық. Нарықтағы ең көп таралған манипуляторлар түрі. Еденге, төбеге немесе қабырғаға орнату сияқты монтаждаудың кез келген түрін орындай алады. Олардың әрекет ету радиусы кең, еркіндік дәрежесі көп және жүк көтергіштігінің әмбебаптығы жоғары.

Дәнекерлеу. Дәнекерлеу роботтары дәнекерлеудің жоғары сапасын өте төмен ток кезінде немесе өте жоғары дәнекерлеу жылдамдығында керемет доға тұрақтылығымен біріктіреді.

Компьютермен басқарылатын доға параметрлері дәнекерлеу циклі кезінде дәнекерлеу тақтасы қызған кезде кернеуді азайта отырып, дәнекерлеудің ұзындығы бойынша оңтайлы дәнекерлеу шарттарын орнатуға мүмкіндік береді. Дәнекерлеу роботтары кез келген позицияда бөлшектерді дәнекерлей алады.

Құрастыру және бөлшектеу. Кез-келген көлемдегі бұйымдарды құрастыруда роботты қолдар қолданылады.

Үлкен бөлшектермен, роботтармен жұмыс істегенде, адам еңбегін қажет етпей, өндіріс процесін жылдамдатады және қосымша көтеру механизмдерін қолданбайды. Ұсақ өнімдерді өндіруде жұмыстың жылдамдығын, дәлдігін және сапасын айтарлықтай арттырады.

Кесу және өңдеу. Кез-келген материалды кесу және өңдеу адам үшін өте ауыр жұмыс. Бұл жұмысты роботтар ең жоғары дәлдікпен орындайды, материалдық шығынды азайтады және өңдеу уақытын қысқартады.

Роботтық манипуляторларды қолдануға болатын барлық салаларды тізімдеп шығу мүмкін емес. Бірақ қазіргі уақытта бір нәрсені сенімді түрде

айтуға болады: біздің өмірімізде робот манипуляторларды пайдалану мүмкін болмайтын салалар жоқ.

1.3 Өнеркәсіптік роботтардың кинематикалық сипаттамасы

Матрицалық және векторлық алгебра берілген абсолютті координаттар жүйесіне қатысты манипулятордың (робот жетегі) буындарының орнын сипаттаудың және көрсетудің жүйелі және жалпыланған тәсілі үшін қолданылады. Манипулятордың түйіспелері абсолютті анықтамалық жүйеге қатысты айналуы және қозғалуы мүмкін болғандықтан, әрбір буын үшін осьтері қосылыстар осіне параллель болатын координаталар жүйесі көрсетіледі. Кинематиканың тікелей міндеті абсолютті және байланысқан координаталар жүйелері арасындағы байланысты орнататын түрлендіру матрицасын анықтау. Байланысты анықтамалық жүйенің абсолюттіге қатысты айналу қозғалысын сипаттау үшін 3 × 3 өлшемді айналу матрицасы пайдаланылады, үш өлшемді кеңістікте позиция векторларын көрсету үшін біртекті координаттар қолданылады және трансляциялық қозғалысты ескертеді. Байланысты координаталар жүйесінің айналу матрицасының орнына 4×4 өлшемді біртекті түрлендіру матрицасы қолданылады. Денавит пен Хартенберг манипулятордың кеңістіктік геометриясын сипаттау үшін мұндай матрицалық кескінді бірінші болып пайдаланды. Олардың көрінісі манипулятордың кинематикалық теңдеулерін шығарудың әмбебап алгоритмін береді.

3×3 айналу матрицасын Евклид кеңістігіндегі үш өлшемді позиция векторы үшін түрлендіру матрицасы ретінде анықтауға болады, ол оның координаттарын OUVW бұрылған (байланысты) санақ жүйесінен OXYZ абсолюттік координаттар жүйесіне аударады.

1.5 суретте екі тік төртбұрышты координаталар жүйесі көрсетілген: OX, OY, OZ осьтері бар OXYZ координаталар жүйесі және OU, OV, OW осьтері бар OUVW координаталар жүйесі. Бұл жүйелердің бастамалары сәйкес келеді және координатаның бас нүктесінде орналасады. OXYZ жүйесі үш өлшемді кеңістікте бекітілген және абсолютті деп қабылданады, ал OUVW координаттар жүйесі OXYZ абсолюттік жүйесіне қатысты айналады. Физикалық тұрғыдан OUVW жүйесін біріктірілген координаттар жүйесі ретінде қарастыруға болады. Бұл оның қатты денемен (мысалы, ұшақпен немесе манипулятордың буынымен) қатты байланысып, онымен бірге қозғалатынын білдіреді. Сәйкесінше, (i_x, j_y, k_z) және (i_u, j_v, k_w) OXYZ,OUVW жүйелерінің осьтері бойынша бағытталған, бірлік векторлары болады. Кеңістіктегі кейбір p нүктесі осы жүйелердің кез-келгеніне қатысты координаталар арқылы сипатталуы мүмкін. Есептеу оңай болуы үшін p нүктесі OUVW анықтамалық жүйесінде қозғалмайтын және қозғалыссыз деп есептейміз. Содан кейін OUVW және OXYZ координаталық жүйелерінде p нүктесі сәйкесінше,



1.1 Сурет - Абсолюттік және біріктірілген координаталар жүйесі

мұндағы, $p_{x,y,z}$ және $p_{u,v,w}$ координаталар болады және сол р нүктесінің әртүрлі тірек жүйелеріне қатысты орнын сипаттайды. Вектордың немесе матрицаның белгілеуіне қосылған Т үстіңгі белгісі транспозиция операциясын білдіреді.

Берілген OUVW жүйесін айналдырғаннан кейін $p_{v,u,w}$ координаталарды OXYZ жүйесіндегі р векторының координатасына түрлендіретін 3×3 R матрицасын анықтау, яғни

$$P_{x,y,z} = Rp_{u,v,w} \tag{1.1}$$

Физикалық түрде р нүктесі OUVW координаталар жүйесімен бірге айналады.

Вектор құраушыларының анықтамасын былай жазуға болады,

$$P_{u,v,w} = p_u \times i_u + p_v \times j_v + p_w + k_w \tag{1.2}$$

$p_u, p_v,$ және p_w р векторының сәйкесінше OU, OV және OW осьтері бойындағы құраушылары болады және р векторының осы осьтерге проекциясы бар. Осылайша, скаляр көбейтіндісі мен теңдігінің анықтамасын пайдаланып (1.2.3) алынады.

$$\begin{aligned} p_x &= i_x \times p = i_x \times i_u \times p_u + i_x \times j_v \times p_v + i_x \times k_w \times p_w \\ p_y &= j_y \times p = i_y \times i_u \times p_u + j_y \times j_v \times p_v + j_y \times p_w \\ p_z &= k_z \times p = k_z \times i_u \times p_u + k_z \times j_v \times p_v + k_z \times k_w \times p_w \end{aligned} \tag{1.3}$$

немесе матрицалық түрде

$$\begin{bmatrix} p_x \\ p_y \\ p_z \end{bmatrix} = \begin{bmatrix} i_x \times i_u & i_x \times j_v & i_x \times k_w \\ j_y \times i_u & i_y \times i_v & i_y \times k_w \\ k_z \times i_u & k_z \times j_v & k_z \times k_w \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} p_u \\ p_v \\ p_z \end{bmatrix}$$

Осы өрнекті ескере отырып, (1.4-1.13) теңдіктегі R матрицасы пішінді қабылдайды

$$R = \begin{bmatrix} i_x \times i_u & i_x \times j_v & i_x \times k_w \\ j_y \times i_u & j_y \times j_v & j_y \times k_w \\ k_z \times i_u & k_z \times j_v & k_z \times k_w \end{bmatrix} \tag{1.4}$$

Сол сияқты координаталарды $p_{u,v,w}$, $p_{x,y,z}$ координаталарынан алуға болады:

$$p_{u,v,w} = Q \times p_{x,y,z} \tag{1.5}$$

$$\begin{bmatrix} p_u \\ p_v \\ p_w \end{bmatrix} = \begin{bmatrix} i_u \times i_x & i_u \times j_y & i_u \times k_z \\ j_v \times i_x & j_v \times j_y & j_v \times k_z \\ k_w \times i_x & k_w \times j_y & k_w \times k_z \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} p_x \\ p_y \\ p_z \end{bmatrix} \tag{1.6}$$

Скалярлық көбейтіндінің жұмысы коммутативті болғандықтан (1.4)-(1.6) қатынастарынан шығады.

$$Q = R^{-1} = R^T, \tag{1.7}$$

$$QR = R^T R = R^{-1} \times R = I_3, \tag{1.8}$$

I_3мұндағы 3×3 сәйкестік матрицасы. (1.1) немесе (1.8) формуласымен анықталатын түрлендіру ортогональды түрлендіру деп аталады, ал скаляр көбейтінділеріне кіретін барлық векторлар бірлік болғандықтан оны ортонормальдық түрлендіру деп те атайды.

OXYZ жүйесінің үш негізгі осінің әрқайсысына қатысты OUVW жүйесінің айналу матрицалары ерекше қызығушылық тудырады. Егер OUVW жүйесінің кеңістіктегі орны осы жүйенің OX осінің айналасында бұрышпен айналуына байланысты өзгеретін болса, онда OXYZ анықтамалық жүйесіндегі нүктенің координаталары да өзгереді $(p_x, p_y, p_z)^T$, $p_{u,v,w}$, оның OUVW жүйесінде α тұрақты координаталары p_u, p_v, p_w бар. Сәйкес түрлендіру матрицасы OX осінің айналасында α бұрышпен айналу матрицасы деп аталады. Жоғарыда алынған нәтижелерге сүйене отырып, $R_{x,a}$ бізде матрица үшін

$$p_{x,y,z} = R_{x,a} \times p_{u,v,w} \tag{1.9}$$

және $i_x = i_u$, және

$$R_{x,\alpha} = \begin{bmatrix} i_x \times i_u & i_x \times j_v & i_x \times k_w \\ j_y \times i_u & j_y \times j_v & j_y \times k_w \\ k_z \times i_u & k_z \times j_v & k_z \times k_w \end{bmatrix} = \begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & cos\alpha & -sin\alpha \\ 0 & sin\alpha & cos\alpha \end{bmatrix} \quad (1.10)$$

Сол сияқты, үш өлшемді (өлшемі 3 × 3) OY осінің айналасында φ бұрышқа және OZ осінің айналасында θ бұрышқа сәйкес айналу матрицалары келесідей пішінге ие:

$$R_{y,\varphi} = \begin{bmatrix} cos\varphi & 0 & sin\varphi \\ 0 & 1 & 0 \\ -sin\varphi & 0 & cos\varphi \end{bmatrix}, R_{z,\theta} = \begin{bmatrix} cos\theta & -sin\theta & 0 \\ sin\theta & cos\theta & 0 \\ 0 & 0 & 0 \end{bmatrix} \quad (1.11)$$

Матрицалар $R_{x,\alpha}, R_{y,\varphi}$ және $R_{z,\theta}$ элементар айналу матрицалары деп аталады. Кез-келген басқа соңғы айналу матрицаларын элементар айналу матрицаларының көмегімен алуға болады.

OXYZ жүйесінің негізгі осьтеріне қатысты соңғы айналымдардың реттілігінің сипаттамасын элементар айналымдардың матрицаларын көбейту арқылы алуға болады. Матрицаны көбейту операциясы коммутативті емес болғандықтан, мұнда айналу реттілігі маңызды болып табылады. Мысалы, алдымен OX осінің айналасындағы α бұрыш арқылы, содан кейін OZ осінің айналасындағы θ бұрыш арқылы, содан кейін OY осінің айналасындағы φ бұрыш арқылы дәйекті айналулардың нәтижесі болып табылатын айналу матрицасы мынадай пішінге ие.

$$R = R_{y,\varphi} \times R_{z,\theta} \times R_{x,\alpha} =$$
$$\begin{bmatrix} C_\varphi & 0 & S_\varphi \\ 0 & 1 & 0 \\ -S_\varphi & 0 & C_\varphi \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} C\theta & -S\theta & 0 \\ S\theta & C\theta & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & C\alpha & -S\alpha \\ 0 & S\alpha & C\alpha \end{bmatrix} =$$
$$\begin{bmatrix} C\varphi C\theta & S\varphi S\alpha - C\varphi S\theta C\alpha & C\varphi S\theta S\alpha + S\varphi C\alpha \\ S\theta & C\theta C\alpha & -C\theta S\alpha \\ -S\varphi C\theta & C\varphi C\theta C\alpha + C\varphi C\alpha & C\varphi C\alpha - S\varphi S\theta S\alpha \end{bmatrix} \quad (1.12)$$

Олар, $C\varphi = cos\varphi$;$S\varphi = sin\varphi$;$C\theta = cos\theta$;$S\theta = sin\theta$;$C\alpha = cos\alpha$,$S\alpha = sin\alpha$. Ол алдымен OY осінің айналасындағы φбұрыш арқылы, содан кейін OZ осінің айналасындағы θ бұрыш арқылы және соңында OX осінің айналасындағы α бұрыш арқылы айналу нәтижесін сипаттайтын матрицадан ерекшеленеді. Екінші жағдайда алынған айналу матрицасы мына пішінге ие болады

$$R = R_{x,\alpha} \times R_{z,\theta} \times R_{y,\varphi} =$$

$$\begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & C\alpha & -S\alpha \\ 0 & S\alpha & C\alpha \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} C\theta & -S\theta & 0 \\ S\theta & C\theta & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} C_\varphi & 0 & S\varphi \\ 0 & 1 & 0 \\ -S\varphi & 0 & C\varphi \end{bmatrix} \times$$

$$\begin{bmatrix} C\theta C\varphi & -S\theta & C\theta S\varphi \\ C\alpha S\theta C\varphi + S\alpha S\varphi & C\alpha C\theta & C\alpha S\theta S\varphi - S\alpha C\varphi \\ S\alpha S\theta C\varphi - C\alpha S\varphi & S\alpha C\theta & S\alpha S\theta S\varphi - C\alpha C\varphi \end{bmatrix} \quad (1.13)$$

OXYZ абсолюттік координаталар жүйесінің осьтері айналасында айналумен қатар, OUVW қозғалатын анықтамалық жүйесі өз осінің айналасында айнала алады. Бұл жағдайда алынған айналу матрицасын келесі қарапайым ережелер арқылы алуға болады.

1. Бастапқыда екі координат жүйесі сәйкес келеді, демек, айналу матрицасы 3×3 сәйкестік матрицасы болып табылады.

2. Егер OUVW қозғалатын координаталар жүйесі с жүйесінің негізгі осінің бірінің айналасында айналса, алдыңғы нәтижелі айналудың матрицасын сол жақтағы сәйкес элементар айналу матрицасына көбейту керек.

3. Егер OUVW қозғалатын координаталар жүйесі өзінің негізгі осінің бірінің айналасында айналу жасаса, алдыңғы нәтижелі айналудың матрицасын оң жақтағы сәйкес элементар айналу матрицасына көбейту керек [3].

1.4 Матрицаларды еркін осьтің айналасында айналдыру арқылы түрлендіру

Кейбір жағдайларда OUVW қозғалатын координаталар жүйесі еркін r осіне қатысты φ бұрыш арқылы айнала алады, ол координаталар басынан бастап r_x, r_y және r_z құрамдас бөліктері бар бірлік векторы 0. Мұндай айналдырудың артықшылығы мынада: кейбір бұрыштық қозғалыстар үшін, OXYZ немесе OUVW негізгі осьтері айналасындағы айналу тізбегі OUVW жүйесінің r осі айналасындағы бір айналуымен ауыстырылуы мүмкін. Айналу матрицасын $R_{r,\varphi}$ алу үшін алдымен r осін OZ осімен туралау қажет болған жағдайда OXYZ жүйесінің осьтері бойынша айналулар қатарын орындауға болады.Содан кейін r осінің айналасында φ бұрышпен қажетті айналуды және OXYZ жүйесінің осьтеріне қатысты қайтадан айналымдар тізбегін орындаймыз, OZ осін бастапқы орнына қайтарамыз. 1.6 суретте OZ және r осьтерінің комбинациясы OX осіне қатысты α бұрыш арқылы (нәтижесінде r осі XZ жазықтығында болады), содан кейін OY осінің айналасындағы β бұрыш арқылы айналу жүзеге асырылуы мүмкін екенін көрсетеді (нәтижесінде OZ және r осьтері сәйкес келеді) .



1.2 Сурет - Ерікті ось айналасында айналу

OZ немесе r-ге қатысты φ бұрышы арқылы бұрылғаннан кейін біз жоғарыдағы бұрылыстар тізбегін орындаймыз, бірақ кері тәртіпте және бұрылу бұрыштарының белгілерін қарама-қарсы жақтарға өзгертеміз. Алынған айналу матрицасы

$$R_{r,\varphi} = R_{x,a} \times R_{y,\beta} \times R_{z,\varphi} \times R_{y,-\beta} \times R_{x,\alpha} =$$
$$\begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & C\alpha & S\alpha \\ 0 & -S\alpha & C\alpha \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} C\beta & 0 & S\beta \\ 0 & 1 & 0 \\ -S\beta & 0 & C\beta \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} C\varphi & -S\varphi & 0 \\ S\varphi & C\varphi & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \times$$
$$\begin{bmatrix} C\beta & 0 & -S\beta \\ 0 & 1 & 0 \\ -S\beta & 0 & C\beta \end{bmatrix} \times \begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & C\alpha & -S\alpha \\ 0 & S\alpha & C\alpha \end{bmatrix} \quad (1.14)$$

1.2 суреттен мұны оңай түсінуге болады

$$\sin a = \frac{r_y}{\sqrt{r_y^2 + r_z^2}}, \cos a = \frac{r_z}{\sqrt{r_y^2 + r_z^2}},$$
$$\sin b = r_x, \cos b = \sqrt{\mathrm{r}_\mathrm{y}^2 + \mathrm{r}_\mathrm{z}^2}, \quad (1.15)$$

Осы теңдіктерді алдыңғы өрнекке ауыстыру $R_{r,\varphi}$ − ді береді

$$R_{r,\varphi} = \begin{bmatrix} r_x^2 V\varphi + C\varphi & r_x r_y V\varphi - r_z S\varphi & r_x r_z V\varphi + r_x r_z V\varphi + r_y S\varphi \\ r_x r_y V\varphi + r_z S\varphi & r_y^2 V\varphi + C\varphi & r_y r_z V\varphi - r_x S\varphi \\ r_x r_z V\varphi - r_y S\varphi & r_y r_z \varphi + r_x S\varphi & r_z^2 V\varphi + C\varphi \end{bmatrix} \quad (1.16)$$

өрнек $V_{\varphi} = vers\varphi = 1 - cos\varphi$



1.3 Сурет - Ерікті ось айналасында айналу.

1.5 Эйлер бұрыштарының үш жүйесі

Қатты дененің айналуының матрицалық сипаттамасы көптеген операцияларды жеңілдетеді; дегенмен айналмалы қатты дененің бағдарын толық сипаттау үшін айналу матрицасының барлық тоғыз элементін пайдалану керек. Бұл элементтер жалпыланған координаттардың толық жүйесін тікелей құрамайды, олардың айналмалы қатты дененің абсолютті координаталар жүйесіне қатысты бағытын сипаттауға болады. Эйлер бұрыштары φ, θ және ψ жалпыланған координаталар ретінде пайдалануға болады. Эйлер бұрыштарының көптеген әртүрлі жүйелері бар және олардың барлығы кейбір берілген координаталар жүйесіне қатысты қатты дененің бағытын сипаттайды. Ең жиі қолданылатын үш Эйлер бұрыштық жүйесі 1.1-кестеде көрсетілген.

1.1 Кесте – Эйлер бұрыштарының үш жүйесі

	1	2	3
Айналу реті	OZ осінің φ айналасында OU осінің айналасында θ OW осінің айналасында ψ	OZ осінің айналасында φ OV осінің айналасында θ OW осінің айналасында ψ	OX осінің айналасында φ OY осінің айналасында θ OZ осінің айналасында ψ

Қарастырылған Эйлер бұрыштарының жүйелерінің біріншісі әдетте гироскоптардың қозғалысын сипаттау үшін қолданылады және келесі айналу тізбегіне сәйкес келеді (2-сурет):

1. OZ осінің айналасындағы φ бұрыш арқылы бұрыңыз.
2. OU айналмалы осьтің айналасында θбұрышпен бұрыңыз ($R_{u,\theta}$).
3. Соңында бұрылған OW осінің айналасында ψ бұрышпен бұрыңыз ($R_{w,\psi}$).

Алынған айналу матрицасы келесі пішінге ие:

$$R_{\varphi,\theta,\psi}=R_{z,\varphi}R_{u,\theta}R_{w,\psi} =$$
$$\begin{bmatrix} C\varphi & -S\varphi & 0 \\ S\varphi & C\varphi & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & C\theta & -S\theta \\ 0 & S\theta & C\theta \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} C\psi & -S\psi & 0 \\ S\psi & C\psi & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} =$$
$$\begin{bmatrix} C\varphi C\psi - S\varphi C\theta S\psi & -C\varphi S\psi - S\varphi C\theta C\psi & S\varphi S\theta \\ S\varphi C\psi + C\varphi C\theta S\psi & -S\varphi S\psi + C\varphi C\theta C\psi & -C\varphi S\theta \\ S\theta S\psi & S\theta C\psi & C\theta \end{bmatrix} \quad (1.17)$$

Матрицамен сипатталған $R_{\varphi,\theta,\psi}$ айналуды қозғалмайтын координаталар жүйесінің осьтері айналасында келесі айналымдар тізбегін орындау нәтижесінде де алуға болады: біріншіден, OZ осінің айналасындағы бұрышпен, содан кейін OX осінің айналасындағы θ бұрышпен және соңында, OZ осінің айналасындағы φ бұрышпен.



1.4 Сурет - Эйлер бұрыштарының бірінші жүйесі

1.4 суретте келесі айналу ретімен анықталған Эйлер бұрыштарының екінші жүйесі көрсетілген:

1. OZ осінің айналасында φ бұрышпен бұрыңыз ($R_{z,\varphi}$).

2. Айналмалы OV осінің айналасында θ бұрышпен бұрыңыз ($R_{v,\theta}$).

3. Соңында бұрылған OW осінің айналасында ψ бұрышпен бұрыңыз ($R_{w,\psi}$).

Алынған айналу матрицасы келесі пішінге ие:

$$R_{\varphi,\theta,\psi} = R_{z,\varphi}R_{v,\theta}R_{w,\psi} =$$
$$\begin{bmatrix} C\varphi & -S\varphi & 0 \\ S\varphi & C\varphi & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} C\theta & 0 & S\theta \\ 0 & 1 & 0 \\ -S\theta & 0 & C\theta \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} C\psi & -S\psi & 0 \\ S\psi & C\psi & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} =$$
$$\begin{bmatrix} C\varphi C\theta C\psi - C\varphi S\psi & -C\varphi C\theta S\psi - S\varphi C\psi & C\varphi S\theta \\ S\varphi C\theta C\psi + C\varphi S\psi & -S\varphi C\theta S\psi + C\varphi C\psi & S\varphi S\theta \\ -S\theta C\psi & S\theta S\psi & C\theta \end{bmatrix} \quad (1.18)$$

Эйлер бұрыштарының $R_{\varphi,\theta,\psi}$ осы жүйесі үшін матрицамен сипатталған айналуды қозғалмайтын координаталар жүйесінің осьтері айналасында келесі айналу тізбегін орындау нәтижесінде де алуға болады: OZ осінің айналасындағы ψ бұрышпен, содан кейін OY айналасындағы θ бұрышпен, ең соңында, OZ осінің айналасындағы φ бұрышпен.



1.5 Сурет - Эйлер бұрыштарының екінші жиыны

Эйлер бұрыштарының тағы бір жүйесі орамдық, қадамдық және иілу бұрыштары деп аталады (1.6 суретте көрсетілген). Бұл бұрыштар әдетте авиациялық технологияда көліктердің қозғалысын сипаттау үшін қолданылады.

Олар келесі айналым тізбегіне сәйкес келеді:

1. OX осінің айналасындағы ψ бұрыш арқылы бұрыңыз ($R_{x,\psi}$) (иілу).

2. Айналмалы OY осінің айналасында θ бұрышпен бұрыңыз ($R_{y,\theta}$) (қадам).

3. OZ осінің айналасында φ бұрышпен бұрыңыз ($R_{z,\varphi}$) (орам).

Алынған айналу матрицасы келесі пішінге ие:

$$R_{\varphi,\theta,\psi} = R_{z,\varphi} R_{y,\theta} R_{x,\varphi} =$$

$$\begin{bmatrix} C\varphi & -S\varphi & 0 \\ S\varphi & C\varphi & 0 \\ 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} C\theta & 0 & S\theta \\ 0 & 1 & 0 \\ -S\theta & 0 & C\theta \end{bmatrix} * \begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 0 & C\psi & -S\psi \\ 0 & S\psi & C\psi \end{bmatrix} =$$

$$\begin{bmatrix} C\varphi C\theta & C\varphi S\theta S\psi - S\varphi C\psi & C\varphi S\theta C\psi + S\varphi S\psi \\ S\varphi C\theta & S\varphi S\theta S\psi & S\varphi S\theta C\psi - C\varphi S\psi \\ -S\theta & C\theta S\psi & C\theta C\psi \end{bmatrix} \quad (1.19)$$



1.6 Сурет – Домалау, қадам, иілу (Эйлер бұрыштарының үшінші жүйесі)

Орам, қадам, иілу айнымалыларындағы $R_{\varphi,\theta,\psi}$ матрицамен сипатталған айналуды абсолютті және қозғалатын координаталар жүйелерінің осьтері айналасында келесі айналу тізбегін орындау нәтижесінде де алуға болады: OZ осінің айналасындағы φ бұрышпен, содан кейін айналдырылған OV осінің айналасындағы θ бұрыш, ең соңында, OU айналмалы осінің айналасындағы ψ бұрышпен (1.6 суретте көрсетілген).

1.6 Біртекті координаттар және түрлендіру матрицалары

Манипуляциялық роботтың берілген кинематикалық құрылымына сәйкес мыналар қажет:

1) Біртекті координаталар көмегімен манипулятордың кинематикасының сипаттамасын қарастыру;

2) Элементар айналымдардың біртекті матрицаларын пайдаланып манипулятордың кинематикасын сипаттау әдістерін қарастыру.

3D айналу матрицасы трансляциялық қозғалыс пен пайдаланылатын масштаб туралы ақпаратты тасымалдамайтындықтан, 3D кеңістігіндегі координаталар $P = (p_{x,}p_y, p_z)^T$ векторы төртінші координатпен (немесе құрамдаспен) толтырылады, осылайша ол $\hat{p} = (wp_x, wp_y, wp_z, w)^T$ пішінді алады. Бұл жағдайда вектор $\hat{p}$ біртекті координаттармен өрнектеледі делінеді. Бұл бөлімде Евклид векторының біртекті координаттармен өрнектелетінін көрсету үшін оны $\hat{P}$ түрінде жазамыз. Үшөлшемді кеңістіктегі нүктелерді біртекті координаттар арқылы сипаттау бір мезгілде айналдыруды, параллель аударуды, масштабтауды және перспективалық түрлендіруді қамтитын матрицалық түрлендірулерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы жағдайда N - өлшемді вектордың N+1 өлшемді векторы арқылы кескіні біртекті координаталардағы бейнелеу деп аталады. Бұл бейнелеу арқылы N-өлшемді векторды түрлендіру (N + 1) - өлшемдік кеңістікте

орындалады, ал физикалық N - өлшемдік вектор біртекті координаталарды (N + 1)-ші w компонентіне бөлу арқылы алынады. Осылайша, $p=(p_{x,}p_{y,}p_{z})^{T}$ біртекті координаталардағы үш өлшемді кеңістіктегі позиция векторы $(wp_{x},wp_{y},wp_{z},w)^{T}$ кеңейтілген вектормен көрсетіледі. Физикалық координаталар біртектілермен келесідей байланысады:

$$\mathrm{p_x}=\frac{\mathrm{wp_x}}{\mathrm{w}},\mathrm{p_y}=\frac{\mathrm{wp_y}}{\mathrm{w}},\mathrm{p_z}=\frac{\mathrm{wp_z}}{\mathrm{w}} \qquad (1.20)$$

Үш өлшемді позиция векторының біртекті координаталардағы көрінісі бірдей емес. Мысалы, $\hat{p}=(w_1p_x,w_1p_y,w_1p_z,w_1)^T$ және $\hat{p}=(w_2p_x,w_2p_y,w_2p_z,w_2)^T$ бір позиция векторының әртүрлі біртекті бейнелері болып табылады $p=(p_{x,}p_{y,}p_{z})^{T}$. Осылайша, біртекті координаталар векторының w төртінші компонентін масштабтау коэффициенті ретінде қарастыруға болады. Егер бұл құраушы 1-ге тең болса (w=1), онда позиция векторының біртекті координаталары оның физикалық координаталарымен сәйкес келеді. Робототехникада масштабтау коэффициенті әрқашан 1-ге тең деп таңдалады, ал компьютерлік графикалық есептерде ол кез келген оң мәнді қабылдайды.

Біртекті түрлендіру матрицасы – біртекті координаттарда көрсетілген векторды бір сілтеме шеңберінен екіншісіне түрлендіретін 4×4 матрица. Біртекті түрлендіру матрицасын төрт ішкі матрицаға бөлуге болады:

$$T=\left[\frac{R_{3*3}}{f_{1*3}}\vdots\frac{p_{3*1}}{1*1}\right]=\left[\frac{\text{бұрылыс}}{\text{перспективалық түрлендіру}}\vdots\frac{\text{ауысу}}{\text{масштабтау}}\right] \qquad (1.21)$$

Жоғарғы сол жақ 3x3 қосалқы матрицасы айналу матрицасы болып табылады; 3×1 өлшемінің жоғарғы оң жақ ішкі матрицасы – абсолюттіге қатысты айналмалы эталондық жүйе басының позиция векторы; 1×3 өлшемінің төменгі сол жақ ішкі матрицасы перспективалық түрлендіруді көрсетеді; төртінші диагональды элемент - ғаламдық масштабтау факторы. Біртекті түрлендіру матрицасы OUVW байланысқан санақ жүйесі мен OXYZ абсолюттік кадры арасындағы геометриялық байланысты ашуға мүмкіндік береді. Егер үш өлшемді кеңістіктің p векторы біртекті координаттармен өрнектелсе $\hat{p}=(p_{x,}p_{y,}p_{z,}1)^{T}$) яғни, түрлендіру матрицасы ұғымын пайдалана отырып, айналу түрлендіруін көрсететін және өлшемі 4 ×4 болатын біртекті түрлендіру $T_{\text{пов}}$ матрицасын құруға болады. Біртекті айналу матрицасы 3 × 3 өлшемі бар кәдімгі айналу матрицасының сәйкес кеңеюі арқылы алынады. Осылайша, (1.20) және (1.21) матрицалар үшін біртекті бейнелеу келесі формада болады:

$$T_{x,a}=\begin{bmatrix}1 & 0 & 0 & 0\\ 0 & cos\alpha & -sin\alpha & 0\\ 0 & sin\alpha & cos\alpha & 0\\ 0 & 0 & 0 & 1\end{bmatrix},T_{y,\varphi}=\begin{bmatrix}cos\varphi & 0 & sin\varphi & 0\\ 0 & 1 & 0 & 0\\ -sin\varphi & 0 & cos\varphi & 0\\ 0 & 0 & 0 & 1\end{bmatrix} \qquad (1.22)$$

$$T_{x,\theta} = \begin{bmatrix} cos\theta & -sin\theta & 0 & 0 \\ sin\theta & cos\theta & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 \end{bmatrix}$$

Бұл 4×4 матрицалар біртекті элементар айналу матрицалары деп аталады.

Өлшемі 3×1 болатын біртекті түрлендіру матрицасының жоғарғы оң жақ қосалқы матрицасы OUVW координат жүйесінің абсолютті OXYZ жүйесіне қатысты вектор арқылы параллель трансляциясын көрсетеді. dx, dy, dz^T.

$$T_{c,d,b} = \begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 & dx \\ 0 & 1 & 0 & dy \\ 0 & 0 & 1 & dz \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \quad (1.23)$$

Бұл 4×4 матрицаны біртекті элементар ығысу матрицасы деп атайды.

1×3 біртекті түрлендіру матрицасының төменгі сол жақ қосалқы матрицасы машинада көру тапсырмаларын және кескінді калибрлеуде қолданылатын перспективалық түрлендіруді анықтайды. Мұнда бұл ішкі матрицаның элементтері нөлге тең, ол нөлдік перспективалық түрлендіруге сәйкес келеді.

Біртекті түрлендіру матрицасының диагональды элементтері жергілікті және ғаламдық масштабтауды анықтайды. Алғашқы үш қиғаш элемент жергілікті созуды немесе масштабтауды анықтайды:

$$\begin{bmatrix} a & 0 & 0 & 0 \\ 0 & b & 0 & 0 \\ 0 & 0 & c & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \begin{bmatrix} x \\ y \\ z \\ 1 \end{bmatrix} = \begin{bmatrix} ax \\ by \\ cz \\ 1 \end{bmatrix} \quad (1.24)$$

Координаталар мәндері сәйкесінше a, b және c скалярларымен анықталған масштабтың өзгеріске ұшырайтынын көре аламыз. Элементар айналу матрицалары жергілікті масштабтаудың әсерін бермейтінін ескереміз.

Төртінші диагональды элемент жаһандық масштабты түрлендіруді анықтайды

$$\begin{bmatrix} 1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & s \end{bmatrix} \begin{bmatrix} x \\ y \\ z \\ 1 \end{bmatrix} = \begin{bmatrix} x \\ y \\ z \\ 1 \end{bmatrix}, \quad (1.25)$$

Сонда $s>0$. Вектордың физикалық декарттық координаталары тең болады

$$\mathrm{p_x} = \frac{\mathrm{x}}{\mathrm{s}}, \mathrm{p_y} = \frac{\mathrm{y}}{\mathrm{s}}, \mathrm{p_я} = \frac{\mathrm{z}}{\mathrm{s}}, \mathrm{w} = \frac{\mathrm{s}}{\mathrm{s}} = 1 \quad (1.26)$$

Осылайша, біртекті түрлендіру матрицасының төртінші диагональды элементі s>1 болса координаттардың ғаламдық қысқаруын, ал 0<s<1 болса кеңеюін анықтайды.

Сонымен, біртекті түрлендіру матрицасы OUVW анықтамалық жүйесінде біртекті координаттармен берілген векторды OXYZ абсолютті координаттар жүйесіне аударады, яғни w=1 үшін

$$p_{x,y,z} = Tp_{u,v,w} \tag{1.27}$$

$$T = \begin{bmatrix} n_x & s_x & a_x & p_x \\ n_y & s_y & a_y & p_y \\ n_z & s_z & a_z & p_z \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} = \begin{bmatrix} n & s & a & p \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix}. \tag{1.28}$$

Біртекті түрлендіру құрама матрицасын (оны T матрицасы деп белгілейік) элементар айналымдар мен ығысулардың біртекті матрицаларын көбейту арқылы алуға болады. Бірақ матрицаны көбейту операциясы коммутативті емес болғандықтан, бұл матрицалардың көбейту ретіне ерекше назар аудару керек. Біртекті түрлендіру құрама матрицасын анықтау кезінде келесі ережелерді қолданған жөн:

Бастапқыда екі координат жүйесі сәйкес келеді, сондықтан біртекті I_4 түрлендіру матрицасы 4×4 сәйкестік матрицасы болып табылады.

Егер OUVW жылжымалы координаттар жүйесі OXYZ анықтамалық жүйесінің осьтері айналасында айналса/жылжыса, алдыңғы нәтиже түрлендірудің біртекті матрицасын сол жақта элементар айналудың/жылжудың сәйкес біртекті матрицасына көбейту керек.

Егер OUVW жылжымалы координаттар жүйесі өзінің негізгі осьтерінің біріне айналса/жылжыса, алдыңғы нәтиже түрлендірудің біртекті матрицасын оң жақта элементар айналудың/жылжудың сәйкес біртекті матрицасына көбейту керек [4].

2 Үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы робот

2.1 Үш айналу қимыл дәрежесі бар манипуляторлы роботтын математикалық есебі

Үш буынды матрица берілді, ол 2.1-кестеде көрсетілген жұмыс кеңістігі мәндері

2.1 Кесте – Манипулятордың кинематикалық параметрлері

үзбелер саны	θ_i	d_i	α_i	a_i
1	θ_1	d_1	-90	0
2	θ_2	0	0	a_2
3	θ_3	0	0	a_3
4	θ_4	0	0	a_4

Ең алдымен 2.1-кестені пайдалана отырып, $A_{0,1}$,$A_{1,2}$, $A_{2,3}$, $A_{3,4}$ матрицаларын құрып аламыз, сонда

$$A_{0,1} = \begin{bmatrix} \cos(\theta_1) & -\sin(\theta_1)\times\cos(-90°) & \sin(\theta_1)\times\sin(-90°) & 0\times\cos(\theta_1) \\ \sin(\theta_1) & \cos(\theta_1)\times\cos(-90°) & -\cos(\theta_1)\times\sin(-90°) & 0\times\sin(\theta_2) \\ 0 & \sin(-90°) & \cos(-90) & d_1 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix}$$

$$\begin{bmatrix} \cos(\theta_1) & 0 & -\sin(\theta_1) & 0 \\ sin(\theta_1) & 0 & \cos(\theta_1) & 0 \\ 0 & -1 & 0 & d_1 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \quad (2.1)$$

$$A_{1,2} = \begin{bmatrix} \cos(\theta_2) & -\sin(\theta_2)\times\cos(0) & \sin(\theta_2)\times\sin(0) & a_2\cos(\theta_2) \\ \sin(\theta_2) & \cos(\theta_2)\times\cos(0) & -\cos(\theta_2)\times\sin(0) & a_2\sin(\theta_2) \\ 0 & \sin(0) & \cos(0) & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} =$$

$$= \begin{bmatrix} \cos(\theta_2) & -\sin(\theta_2) & 0 & a_2\cos(\theta_2) \\ \sin(\theta_2) & \cos(\theta_2) & 0 & a_2\sin(\theta_2) \\ 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \quad (2.2)$$

$$A_{2,3} = \begin{bmatrix} \cos(\theta_3) & -\sin(\theta_3) \times \cos(0) & \sin(\theta_3) \times \sin(0) & a_3\cos(\theta_3) \\ \sin(\theta_3) & \cos(\theta_3) \times \cos(0) & -\cos(\theta_3) \times \sin(0) & a_3\sin(\theta_3) \\ 0 & \sin(0) & \cos(0) & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} =$$

$$\begin{bmatrix} \cos(\theta_3) & -\sin(\theta_3) & 0 & a_3\cos(\theta_3) \\ \sin(\theta_3) & \cos(\theta_3) & 0 & a_3\sin(\theta_3) \\ 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \quad (2.3)$$

$$A_{3,4} = \begin{bmatrix} \cos(\theta_4) & -\sin(\theta_4) \times \cos(0) & \sin(\theta_4) \times \sin(0) & a_4\cos(\theta_4) \\ \sin(\theta_4) & \cos(\theta_4) \times \cos(0) & -\cos(\theta_4) \times \sin(0) & a_4\sin(\theta_4) \\ 0 & \sin(0) & \cos(0) & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix}$$

$$= \begin{bmatrix} \cos(\theta_4) & -\sin(\theta_4) & 0 & a_4\cos(\theta_4) \\ \sin(\theta_4) & \cos(\theta_4) & 0 & a_4\sin(\theta_4) \\ 0 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \quad (2.4)$$

$A_{(0,1)}$мен $A_{(1,2)}$ бір - біріне көбейтеміз, сонда мән:

$$A_{(0,1)} \times A_{(1,2)} = \begin{bmatrix} \cos(\theta_1) \times \cos(\theta_2) & -\cos(\theta_1) \times \sin(\theta_2) & -\sin(\theta_1) & a_2 \times \cos(\theta_2) \times \cos(\theta_1) \\ \sin(\theta_1) \times \cos(\theta_2) & -\sin(\theta_1) \times \sin(\theta_1) & \cos(\theta_1) & a_2 \times \cos(\theta_2) \times \sin(\theta_1) \\ -\sin(\theta_2) & -\cos(\theta_2) & 0 & -a_2 \times \sin(\theta_2) + d_1 \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix} \quad (2.5)$$

$A_{(0,1)}, A_{(1,2)}, A_{(2,3)}$ кобейтеміз,

$$A_{(0,1)} \times A_{(1,2)} \times A_{(2,3)} = \begin{bmatrix} a_{11} & a_{12} & a_{13} & a_{14} \\ a_{21} & a_{22} & a_{23} & a_{24} \\ a_{31} & a_{32} & 0 & a_{34} \\ 0 & 0 & 0 & 1 \end{bmatrix}, \quad (2.6)$$

$a_{11} = \cos(\theta_1) \times \cos(\theta_2) \times \cos(\theta_3) - \cos(\theta_1) \times \sin(\theta_2) \times \sin(\theta_3)$;
$a_{12} = \cos(\theta_1) \times \cos(\theta_2) \times \cos(\theta_3) - \cos(\theta_1) \times \sin(\theta_2) \times \sin(\theta_3)$;

$a_{13} = -\sin(\theta_1);$

$a_{14} = a_{3\times}\cos(\theta_1) \times \cos(\theta_2)\cos(\theta_3) - a_3 \times \sin(\theta_3) \times \cos(\theta_1) \times \cos(\theta_2) + a_2 \times \cos(\theta_1) \times \cos(\theta_2);$

